

Қазақстан Республикасына иондаушы сәулелену көздерін әкелуге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 қазан N 1558

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыс, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне Еуропалық Комиссияның "Ядролық төтенше жағдайларға дайындық" тегін ізгілік көмек бағдарламасының шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағына үш иондаушы сәулелену көзін (Цезий-137, 333 КБк, Америций-241, 1 КБк және Стронций-90, 2 КБк) (СЭҚ ТН коды 284440) Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне жоғарыда көрсетілген өнімдерді әкелуге лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген өнімнің кедендік бақылануы және кедендік ресімделуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК